КЕЛІСІЛДІ
Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы
директорының орынбасары
_____Сарсембаева А.Ж.
«21»_____01_____2021ж.

БЕКІТЕМІН
Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы
директорының м.а
_____Абдикерова Б.Х.
«21»_____01_____2021 ж.

«Қашықтықтан оқыту кезіндегі үздік бейнесабақ»
облыстық бейнесабақтар байқауы туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Бейнесабақтар байқауы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бейнесабақтар байқауын (бұдан әрі-Байқау) ұйымдастырудың жалпы тәртібін, мазмұнын, өткізу шарттары мен мерзімдерін айқындайды.

1.2. Байқаудың ұйымдастырушылары - Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қарағанды тау-кен индустриалдық колледжі.

1.3. Байқауға қатысуға Қарағанды облысының ТжКББ ұйымдарының химия және биология пәндерінің оқытушылары шақырылады. Байқауға жеке жұмыстар қабылданады.

1.4. Байқауға қатысушылардың саны шектелмеген.

1.5. Бұл байқау апелляцияны қарастырмайды.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаты: қашықтықтан оқыту форматына көшу жағдайында заманауи білім беру технологиялары мен әдістемелерін пайдалана отырып, химия және биология оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін арттыру.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- қашықтықтан оқыту жағдайында сабақ өткізу кезінде әдістемелік көмек көрсету;
- химия және биология мұғалімдерінің шығармашылық және кәсіби әлеуетін арттыру;
- қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру жағдайында химия және биология оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ету;
- қашықтықтан оқытуды іске асыру шеңберінде жүргізілетін виртуалды кеңістікте химия, биология бейнесабақтарының банкін құру;
- білім беру ұйымдарының биология, химия пәндері оқытушыларының позитивті әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру.

3. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1. Байқау 2021 жылдың 21 қаңтарынан 24 ақпанына дейін қашықтықтан өткізіледі.

3.2. Байқаудың басталғаны туралы хабарландыру Қарағанды тау-кен индустриалдық колледжінің **kargik.kz** сайтында жарияланады.

3.3. Материалдар **2021.konkurs@bk.ru** электрондық мекенжайына **2021 жылдың 19 ақпанына** дейін қабылданады.

Байланыс номері: Михайлова Д.В. тел. 87789917846

3.4. **2021 жылдың 22 ақпанынан 24 ақпанына** дейін байқаудың қазылар алқасының мүшелері байқау жұмыстарын бағалауды жүзеге асырады.

4. Байқаудың мазмұны

4.1. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- «Биология пәнінің үздік бейнесабағы»;
- «Химияның пәнінің үздік бейнесабағы».

4.2. Байқауға қатысушылар байқау материалдарын осы Ереженің 5-тармағына сәйкес ұсынады.

4.3. Байқау материалдары білім беру бағдарламаларына сәйкес әзірленуі тиіс.

4.4. Байқауға бір қатысушыдан мәлімделген номинацияда бір ғана бейнесабақ қабылданады.

5. Байқауға ұсынылған материалдарға қойылатын талаптар

5.1. Кез келген таңдалған номинация бойынша байқауға ұсынылған материал сабақтың кезеңін (кезеңдерін), нәтижелерге қол жеткізу мен бағалаудың пайдаланылатын тәсілдерін (пәндік, мета-пәндік, тұлғалық) ашып, келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- осы Ереженің талаптары аясында жасалған бейнесабақтың ұзақтығы 15 минуттан 25 минутқа дейін (бейне материалдар кез-келген бейне редакторында жасалуы керек және электронды түрде Windows Media Video (WMV), MPEG 1-4, AVI, Matroska (MKV) форматында ұсынылуы керек);

- *түсіндірме жазба* (1-2 бет). Түсіндірме жазбада сабақтың тақырыбы, топтың сипаттамасы (сандық, психологиялық, даму деңгейі бойынша, жұмыста қолданылатын бағдарлама, оның авторлары, оқулық, оның бөлімі, аптадағы сағат саны, жыл);

- *сабақ сценарийі* (6 беттен артық емес). Сабақ сценарийі кез-келген түрде беріледі. Онда сабақтың барысы, мұғалім мен оқушылардың жұмысы, сабақтың барлық кезеңдері көрсетілген. Сабақ кезеңдерін сипаттау кезінде пайдаланылған әдістемені, оқытудың белсенді түрлерін, компьютерлік технологияларды (интернетті, мультимедиялық жабдықтарды, интерактивті тақталарды және басқа да ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану) көрсету қажет;

- *қосымшалар* (қажет болған жағдайда, 5 беттен артық емес). Қосымшада мыналар болуы мүмкін: педагогикалық білім беру технологияларын әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі материалдар; сабақтардың тиімділігін бағалау әдістемелері;

- *сабақтың өзіндік талдауы* 2 бетке дейін. Сабақтың интроспекциясында оқушылардың сабақтағы жұмысы мен сабақ нәтижелері қысқаша талданады.

5.2. Байқау материалдары архивтелген папкада ұсынылады (форматтар .zip, .rar немесе .7z).

5.3. Архивтелген папка автордың аты-жөнімен аталуы керек, мысалы, ПетровВВ.zip.

5.4. Бұрын жарияланбаған, басқа байқауларға қатыспаған, интернет желісінде орналастырылмаған және үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбайтын бейнематериалдар байқауға қатысуға жіберіледі.

5.5. Байқауға ұсынылған материалдар рецензияланбайды. Авторлық құқықтың барлық мәселелері ҚР қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

5.6. Байқауға ұсынылған жұмыстың авторлық құқықтарының сақталуына осы жұмысты байқауға жіберген қатысушы жауапты болады.

6. Байқауға ұсынылған материалдарды бағалау критерийлері

6.1. Барлық байқау материалдарын қазылар алқасы балдық жүйе бойынша бағалайды.

№	**Кәсіптік және техникалық білім берудің білім беру стандарттарының талаптары шеңберінде бейнесабақты бағалау критерийлері**	балдар
1	Мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі	1-5
2	Сабақтың тақырыбын ашудың толықтығы	1-5
3	Белсенді / интерактивті оқыту технологияларын қолдану	1-5
4	Мазмұнның түсініктілігі және шешендік өнер	1-5
5	Инновациялық және шығармашылық жаңалық	1-5
6	Әзірлеу және түсірілім сапасы	1-5
7	Бейнесабаққа қоса берілетін материалдардың сапасы: түсіндірме жазба, сценарий, қосымшалар, өзіндік талдау	1-5

7. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау

7.1. Бейнесабақтар байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау үшін қазылар алқасының қорытынды кеңестері өткізіледі.

7.2. Қазылар алқасының шешімі негізінде байқаудың әр номинациясы бойынша қатысушылардың рейтингі құрылады.

7.3. Қорытынды баға қазылар алқасының барлық мүшелерінің бағаларының орташа балын есептеу арқылы қалыптастырылады.

7.4. Ұсынылған қорытынды материалдар негізінде конкурстың қазылар алқасы байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

7.5. Ең жоғары балл алған бейнесабақтардың авторлары Байқау жеңімпаздары атанады.

7.6. Байқау қорытындысы бойынша апелляциялар қабылданбайды.

8. Байқаудың Қазылар алқасы

8.1. Қазылар алқасының Міндеттері:

- қатысушылардың жұмыстарын мәлімделген критерийлер мен номинацияларға сәйкес бағалайды;

- жетекші жұмыстарды тексеру нәтижелерінің хаттамасын ОМО жетекшісіне және ОӘО әдіскеріне осы Ереженің 3-бөлімінде айқындалған мерзімде береді.

8.2. Қазылар алқасы құқылы:

- ұсынылған материалдардың форматына байланысты байқау материалдарын бағалау қиын болған жағдайда конкурстық жұмысты тиімді бағалау мақсатында өтініш берушіден қосымша ақпарат сұратуға;

- осы Ережеге сәйкес келмейтін жұмыстарды бағаламауға.

9. Байқаудың қорытындысын шығару, марапаттау

9.1. Байқаудың әр номинациясында 3 Үздік бейнесабақ анықталады.

9.2. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен, қатысушылар электрондық форматтағы сертификаттармен марапатталады.

9.3. Конкурс жеңімпаздарының тізімі мен үздік материалдар https://umckrg.gov.kz/ ҚО ББД ОӘО сайтында және kargik.kz. Қарағанды тау-кен индустриалдық колледжінің сайтына орналастырылады.

Қосымша

Байқауға қатысуға өтінім

№ п/п	Колледж атауы	Қатысушының аты-жөні	Телефон номері	Номинация
1				
2				